«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған

Асенова Айгул Халдарқызының

«Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы» тақырыбы бірінші кезекте қазіргі қоғамдағы түркі халықтарының тілдік, мәдени және ғылыми интеграция үдерістерімен тікелей байланысты. Жаһандану кезеңінде түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық тек саяси-экономикалық салада ғана емес, мәдени-рухани және ғылыми бағытта да қарқынды дамып келеді. Осы тұрғыдан зерттеу жұмысы түркі тілдерінің, соның ішінде қыпшақ тармағына жататын қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің ортақ лексикалық қорын семантикалық тұрғыдан талдау арқылы ортақ тарихи-тілдік негізді айқындауға бағытталады. Осыған орай зерттеу ғылымды дамытудың төмендегідей басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді: 1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҰЛТТЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ (ҚР Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы) 2. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы) 3. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы)
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	4. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы) «ҚР-дың 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында көрсетілген университеттік ғылымды дамытуға, шетелдік университеттермен серіктестікті арттыруға бағытталған «Ғылымның ұлттық моделін қайта жүктеу» атты 5-басымдыққа сәйкес келеді. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы гуманитарлық ынтымақтастық бастамаларымен де үйлеседі. Ұйым шеңберінде түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасын, тілін, тарихи сабақтастығын зерттеу мен насихаттау басым бағыттардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы Халықаралық Түркі академиясы жүзеге асырып отырған түркі тілдерінің тарихи және салыстырмалы зерттеулерін тереңдету міндеттерімен үндеседі. Қыпшақ тілдеріндегі ортақ сөздердің мағыналық дамуын жүйелі түрде сипаттау түркі интеграциясының ғылыми-теориялық негізін нығайтады. «Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс тіл білімі ғылымының өзекті бағыттарының бірі – салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы және когнитивтік-семантикалық зерттеулер аясында орындалған. Зерттеу жұмысы түркі тілдерінің, соның ішінде қыпшақ тармағына жататын тілдердің лексикалық жүйесін, ортақ қабатын, мағыналық дамуын кешенді түрде қарастыру арқылы қазіргі тілтаным ғылымының антропоөзектік, лингвомәдени және семасиологиялық бағыттарымен сабақтасады. Аталған тақырып Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың басым бағыттарының бірі – «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамыту» бағытына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы ұлттық тілдің тарихи негіздерін, туыстас тілдермен байланысын, лексикалық ортақтық пен айырмашылықтарды айқындау арқылы тілдік мұраны ғылыми тұрғыдан жүйелеуге үлес қосады. Диссертациялық зерттеу мазмұны Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі айқындаған ғылым дамуының стратегиялық басымдықтарымен үндеседі. Атап айтқанда, түркі халықтарының ортақ тілдік қорын зерделеу арқылы ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени-рухани құндылықтарды жаңғырту және ғылыми интеграцияны кеңейту міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған.

			Сонымен қатар, зерттеу жұмысының бағыты тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясындағы қазақ тілінің ғылыми әлеуетін арттыру, терминологиялық және лексикологиялық қорын жүйелеу, тарихи-салыстырмалы зерттеулерді дамыту міндеттерімен сабақтас. Қыпшақ тілдері арасындағы ортақ лексикалық бірліктерді семантикалық тұрғыдан талдау қазақ тілінің даму үдерісін терең түсінуге, оның тарихи қабаттарын айқындауға мүмкіндік береді. Диссертациялық тақырып Қазақстан Республикасының ғылым дамуының басым бағыттарының ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» — Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер бағытымен тікелей сәйкес келеді. Бұл бағытқа зерттеу жұмыстары гуманитарлық ғылымдар, тіл білімі және мәдениет зерттеулері саласын дамытуға, сондай-ақ ұлттық және тарихи-мәдени бірегейлікті нығайтуға бағытталған ғылыми жобаларды қамтиды. Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен тізімде мәдени, әлеуметтік және гуманитарлық зерттеулерге ерекше назар аударылатын мазмұн көрсетілген, оның ішінде тілдік зерттеулер мен тарихи-компаротивті анализге негізделген жобалар да бар. Осы орайда, қыпшақ тілдерінің ортақ лексикалық қорын семантикалық деңгейде талдау түркі филологиясы, салыстырмалы тілтаным және мәдени аналитика сияқты салаларда іргелі ғылыми нәтижелер көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу тілдік интеграцияны, ұлттық бірлік пен рухани құндылықтарды ғылыми түрде айқындауға үлес қосып, Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, жұмыс қоғамда тілдік сананы терең түсіндіру, тарихи сабақтастықты анықтау және түркі әлемінің ортақ мәдени мұрасын зерттеу арқылы қоғамдағы әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Жинақтай айтқанда, «Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы» тақырыбы ғылымның заманауи даму бағыттарына, ұлттық тіл саясатының стратегиялық құжаттарына және түркілік кеңістікте гуманитарлық ғылымдарды ілгерілетуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу нәтижелері түркі тілдерінің өзара ықпалдастығын, семантикалық өзгерістердің заңдылықтарын анықтауға бағытталғандықтан, түркітану ғылымының да, қазақ тіл білімінің де дамуына да үлес қосады. Сондай-ақ халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайтуға, соның ішінде түркі халықтарының тілдік мұрасын бірлесіп зерттеу бастамаларымен үйлеседі.

			Зерттеу жұмысы түркі тіл білімінің, соның ішінде қыпшақ тілдері лексикологиясы мен семасиологиясының теориялық мәселелерін тереңдетуге бағытталған іргелі ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу барысында туыстас тілдердегі ортақ лексикалық бірліктердің мағыналық құрылымы, семантикалық дамуы мен өзгеру заңдылықтары кешенді түрде қарастырылады, бұл салыстырмалы-тарихи тілтанымдағы семантикалық реконструкция мәселелерін нақтылауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері қыпшақ тілдерінің тарихи лексикалық қабатын жүйелеуге, олардың өзара туыстық дәрежесін семантикалық деректер негізінде дәлелдеуге үлес қосады. Ортақ сөздердің мағыналық эволюциясын анықтау түркі тілдеріндегі полисемия, семантикалық кеңею мен тарылу, метафоралық және метонимиялық ауысулардың ортақ және ерекшелік сипаттарын айқындауға жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде жалпы тіл білімі мен когнитивтік семантикадағы мағына теориясын эмпирикалық материалмен толықтырады. Сонымен қатар, зерттеу түркітану ғылымында қыпшақ тілдерінің лексикалық-семантикалық жүйесін дербес және салыстырмалы түрде сипаттауға бағытталған ғылыми еңбектер қатарын толықтырады. Жұмыс нәтижелері қыпшақ тілдерінің генетикалық бірлігін, тарихи-мәдени сабақтастығын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік беріп, түркі интеграциясының тілдік аспектілерін зерттеуге теориялық база қалыптастырады. Диссертациялық жұмыстың түркі тіл біліміндегі салыстырмалы лексикология мен семасиологияның дамуына үлес қосып, қыпшақ тілдерінің ортақ семантикалық қорын жүйелеу арқылы гуманитарлық ғылымдардың зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталуымен маңыздылығы арта түскен.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанцияның өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Диссертанттың еңбекті орындауы, өзі жазу деңгейі жоғары. Мәселелерге қатысты өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдары нақты және маңызды, диссертация бөлімдерінде жеткілікті дәйектелген.

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу өзектілігі жеткілікті дәрежеде негізделген. Жұмыстың өзектілігі, біріншіден, түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи бағытын семасиологиялық талдаумен ұштастыруында көрінеді. Уақыт ағымында туыстас тілдердегі ортақ лексемалардың мағыналық эволюциясы біркелкі жүрмейтіні, керісінше, экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлардың ықпалымен семантикалық жіктелуге ұшырайтыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуде ортақ негіздегі сөздердің әр тілдегі мағыналық өзгерістерін айқындау қыпшақ тілдерінің семантикалық ерекшеліктерін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Екіншіден, семантизациялану үдерісінің нәтижесінде сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, ауысуы сияқты құбылыстар тілдің лексикалық қорын байытып, оның коммуникативтік және танымдық әлеуетін арттырады. Сондықтан семантизациялану құбылысының құрылымдық-компоненттік сипатын, тетіктері мен ғылыми анықтамасын жүйелеу – семасиология теориясын толықтыруға бағытталған өзекті мәселе. Үшіншіден, семасиология саласындағы маңызды категориялардың бірі – көпмағыналылық феноменін тек дәстүрлі сипаттамалық бағытта ғана емес, қазіргі әлемдік тіл біліміндегі когнитивтік, антропоөзектік және функционалдық парадигмалар аясында қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі тіл білімінде мағына – тіл мен таным сабақтастығын айқындайтын негізгі өзек. Тілдік бірліктердің қызметін, дамуын және қолданыс аясын мағыналық сипатынан тыс қарастыру мүмкін емес. Осыған байланысты мағына мәселесін тарихи және синхрондық тұрғыдан, әрі салааралық байланыста зерттеу семасиологияның ғылыми аясын кеңейтіп, оның теориялық-әдіснамалық негіздерін тереңдете түседі. Қорыта айтқанда, қыпшақ тобына жататын туыстас тілдердегі ортақ лексемалардың семантикалық даму заңдылықтарын салыстырмалы-тарихи және когнитивтік тұрғыда кешенді түрде қарастыру, семантизациялану мен көпмағыналылық құбылыстарының табиғатын айқындау зерттеу жұмысының ғылыми өзектілігін толық негіздейді.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Бірінші бөлімде қыпшақ тілдерінің салыстырмалы-тарихи негіздері қарастырылып, қазақ тілі, қарақалпақ тілі және ноғай тілі тілдерінің даму ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан сараланады. Бұл бөлім тақырыптағы «қыпшақ тілдері» ұғымының теориялық және тарихи мазмұнын айқындап, зерттеудің әдіснамалық негізін қалайды. Ортақ сөздердің
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	

		3) айқындамайды.	семантикалық дамуын талдау үшін тілдердің генетикалық туыстығын, тарихи қалыптасу кезеңдерін және жүйелік сипаттарын көрсету – тақырыпты ашудың бастапқы әрі қажетті шарты. Екінші бөлім тікелей тақырыптың өзегіне – ортақ сөздердің семантизациясына арналған. Мұнда нақты лексемалар негізінде қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі мағыналық өзгерістер салыстырмалы түрде талданады. Ортақ түбірлердің әр тілдегі семантикалық тармақталуы, мағына кеңеюі, тарылуы немесе ауысуы анықталып, семантизациялану үдерісінің ішкі заңдылықтары көрсетіледі. Бұл бөлім диссертация тақырыбын мазмұндық тұрғыдан тікелей айқындайды және оның негізгі ғылыми жүгін көтереді. Үшінші бөлімде сөздердің қазіргі семантизациялану үдерісі, көпмағыналылық феномені және әлемнің тілдік бейнесімен байланысы қарастырылады. Осы арқылы зерттеу тек тарихи-салыстырмалы сипатта шектелмей, қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік және антропоөзектік бағыттармен сабақтастырылады. Бұл тақырыптағы «семантизация» ұғымының тек өткен кезеңмен емес, қазіргі тілдік даму үдерісімен де байланысты екенін дәлелдейді. Жалпы алғанда, диссертация мазмұны тақырыпты толық әрі жүйелі айқындайды. Құрылым логикалық бірізділікпен құрылған: 1. қыпшақ тілдерінің теориялық-тарихи негізі; 2. ортақ сөздердің семантикалық дамуын нақты тілдік материал негізінде талдау; 3. қазіргі семантизациялану үдерісін жаңа ғылыми бағыттар аясында пайымдау. Осылайша мазмұн диссертация тақырыбын жан-жақты ашуға жеткілікті деңгейде құрылған және зерттеудің мақсаты мен ғылыми бағытына толық сәйкес келеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – салыстырмалы-тарихи негізде қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріне тән ортақ сөздердің семантизациялануын айқындау. Егер осы мақсаттағы кілт сөздерге қысқаша компоненттік талдау жасар болсақ: 1. «Қыпшақ тілдері» – зерттеу нақты қыпшақ тобына жататын қазақ тілі, қарақалпақ тілі және ноғай тілі аясында жүргізілетіні айқындалған. 2. «Ортақ сөздер» – мақсатта ортақ лексиканы іріктеп, талдау нысаны ету нақты көрсетілген.

			3. «Семантизация» – семантизациялану үдерісін айқындау және оның ғылыми даму жолдарын зерделеу негізгі зерттеу бағыты ретінде белгіленген. Осылайша мақсат диссертация тақырыбының мазмұнын толық қамтып, оның теориялық және практикалық бағытын нақтылайды. Сол сияқты зерттеу міндеттері тақырыпты кезең-кезеңімен ашуға бағытталған және логикалық жүйе құрайды: 1. Қыпшақ тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін сипаттау және қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің тарихи даму сипатына шолу жасау – зерттеудің тілдік-генетикалық негізін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл - ортақ сөздердің семантикалық дамуын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан дәлелдеу үшін қажетті алғышарт. 2. Семасиологияның шетелдік, орыс, түркітану және қазақ тіл біліміндегі зерттелу бағыттарын саралау – «семантизация» ұғымының теориялық базасын анықтайды. Тақырыптағы негізгі ғылыми категория – семантизация болғандықтан, оның зерттелу тарихын талдау тақырып мазмұнымен тікелей байланысты. 3. Семантизациялану ұғымының анықтамасын, құрылымдық бағыттарын айқындау – диссертацияның теориялық жаңалығын қамтамасыз ететін міндет. Бұл тақырыптағы «семантизация» терминінің мазмұндық аясын нақтылайды. 4. Ортақ сөздерді іріктеу және оларға семантикалық талдау жасау – тақырыптың тікелей зерттеу нысанын жүзеге асыратын негізгі міндеттердің бірі. Бұл міндет тақырыпты практикалық тұрғыдан ашуға бағытталған. 5. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі көпмағыналылық құбылысын салыстыру – семантизация үдерісінің нәтижелік қырын ашуға мүмкіндік береді. Көпмағыналылық – семантикалық дамудың басты көрсеткіші ретінде тақырып мазмұнын тереңдете түседі. 6. Тіл білімінің жаңа бағыттарымен семантикалық дамудың байланысын бағамдау – зерттеуді тек дәстүрлі салыстырмалы-тарихи шеңберде қалдырмай, қазіргі ғылыми парадигмалармен ұштастырады. Бұл тақырыптың өзектілігін арттырып, семантизацияны кең ғылыми контексте қарастыруға жол ашады. Жалпы алғанда, диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыптың мазмұнын толық әрі жүйелі түрде ашуға бағытталған. Мақсат тақырыптың негізгі ғылыми бағытын нақты айқындаса, міндеттер сол мақсатқа жетудің теориялық, әдіснамалық және практикалық кезеңдерін рет-ретімен жүзеге асыруды көздейді.

			Сондықтан диссертация мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді және оның ғылыми мазмұнын кешенді түрде ашуға жеткілікті деңгейде негізделген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның құрылымы ішкі мазмұндық бірізділікке, теориялықтан талдамаға, одан интерпретациялық деңгейге өтетін ғылыми логикаға негізделген. Барлық бөлімдер мен ережелер (қағидалар) өзара себеп–салдарлық және жүйелік байланыста құрылған. Диссертация тақырыбы зерттеу нысанын (ортақ сөздер), тілдік аясын (қыпшақ тілдері) және ғылыми бағытын (семантизация) нақты белгілейді. Мақсат – осы ортақ сөздердің семантизациялану үдерісін салыстырмалы-тарихи негізде айқындау болса, міндеттер – сол мақсатқа жетудің кезеңдік сатылары, ал бөлімдер – міндеттердің мазмұндық жүзеге асу формасы. Бөлімдер бойынша тұжырымдайтын болсақ: 1-бөлімде зерттеудің әдіснамалық іргетасы ретінде теориялық-тарихи негізді қалыптастырса, 2-бөлім нақты тілдік материалды талдауға бағытталып, ал 3-бөлім алынған нәтижелерді қазіргі ғылыми парадигмада интерпретациялайды.Осылайша құрылым мақсатқа, ал мақсат тақырыппен толық үйлесім табады. Алғашқы бөлімде қыпшақ тілдерінің зерттелу тарихы, топтастырылу принциптері, тарихи даму ерекшеліктері қарастырылады. Мұның логикалық маңызы – ортақ сөздердің семантикалық эволюциясын дәлелдеу үшін алдымен тілдердің генетикалық және тарихи тұтастығын көрсету қажет. Мысалы, қазақ тілі, қарақалпақ тілі және ноғай тілі туыстас тілдер екені тарихи-лингвистикалық тұрғыдан негізделмейінше, ортақ сөздердің мағыналық өзгерістерін салыстыру ғылыми дәлелді болмайды. Сондықтан бірінші бөлім – екінші бөлімдегі семантикалық талдаудың теориялық алғышарты. Ал екінші бөлім: бірінші бөлімде негізделген тарихи туыстыққа сүйенеді; нақты тілдік материал арқылы семантизация үдерісін дәлелдейді; ортақ түбірлердің мағыналық тармақталуын көрсетеді. Логикалық тұрғыдан 1-бөлім «неге бұл тілдерді салыстырамыз?» деген сұраққа жауап берсе, 2-бөлім «ортақ сөздер қалай және қандай бағытта семантизацияланған?» деген сұрақты шешеді. Сондықтан ол бүкіл жұмыстың ғылыми діңгегі болып табылады. Диссертацияның үшінші бөлімі – зерттеудің қорытынды-интерпретациялық кезеңі. Бұл бөлімде семантиканың жаңа ғылыми бағыттардағы орны, көпмағыналылық феномені, әлемнің тілдік бейнесімен байланыс қарастырылады.

			Логикалық жалғастық тұрғысынан сараласақ, 2-бөлім нақты фактілерді талдайды, 3-бөлім сол фактілерді теориялық тұрғыдан түсіндіреді және ғылыми контексте бағалайды. Жинақтай айтсақ, зерттеу тарихи негізден нақты талдауға, одан кейін когнитивтік-интерпретациялық пайымдау бағытында дамиды. Бұл аталған ғылыми зерттеудің классикалық логикалық моделіне сәйкес келетіндігін айғақтайды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдау бар. Атап айтар болсақ, аталған үш тіл туралы ғылымдағы түрлі көзқарастарды саоалай келіп, мынадай байыпты ой айтады: «Қыпшақ тілдері туралы ғылыми болжамдардың ішінде қарақалпақ пен ноғай тілін қазақ тілінен кейінгі дәуірлерде бөлініп шыққан, қазақ тілінің бір бұтағы деген пікірлердің кездесетіні мәлім. Өткен ғасырларда Қарақалпақ АКСР-ы Қазақстаннан бөлініп шықпағанда бүгінде қарақалпақ тілі қазақ тіліне сіңісіп, өзінің бедер-бейнесін жоғалтып алуы, ұлттық сипатынан айрылуы мүмкін еді деген тұжырымдарды алға тартады. Бірақ қазіргі уақытта қазақ әдеби тілі қарақалпақ пен ноғай тілдеріне қарағанда өзіндік табиғи болмысын сақтаған ұлттық тіл деп баға бере аламыз» (29-бет);
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	Сондай-ақ қарақалпақ тілі бойынша зерттеу еңбектеріне ғылыми шолу жасай отырып, «... тілдің өзіне тән зерттеу бағыттары қалыптасып, теориялық негіздері айқындалып келе жатқанын көре аламыз. Қазіргі қарақалпақ тілінде фразеология мен когнитивті лингвистика бойынша зерттеулер көбейіп келеді. Алайда лексикология бойынша семантикалық аспектіде қарастырылған ғылыми зерттеулер сирек. Осы бағыттағы ізденістер көбейсе, тілдің сөз байлығы, мағына байлығы жүйеленіп, лексикалық қоры айқындалып, қолданыс аясы артар еді. Қарақалпақ тілінің дәл қазіргі жағдайына мұндай зерттеулер керек-ақ», - деп ұсыныс жасайды. Кейбір талдаулар докторанттың өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне, онда да өзі дұрыс деп тапқан пікірлерге негізделген. Мысалы қазір қоғамда «қазақтар ноғайлардың жырларын жырауларымен бірге өзіне көшіріп алды» деген пікірлер бар. Диссертант осы пікірге қатысты тарихи фактілерге шолу жасай келіп, жоғарыдағы пікірге түркологиядағы беделі, ғылыми көзқарасы мойындалған ғалым Қ. Өмірәлиевтің тұжырымымен нүкте қояды: «Ноғай халықтығы құрылу процесі басталған ортада туған «Орақ-Мамай», «Әділ сұлтан», «Ер Шобан», «Қазтуған сөзі», «Досмамбет сөзі» сияқты жырлар – ноғай, қазақ боп бөлінген кезеңнен кейін туған жырлардың өзі осы ноғай одағы құрамында болып, кейін XVII ғасырда қазақ хандығына қосылған ру-
		4) талдау жоқ.	

			тайпалармен бірге келді. XV ғасырдың басындағы тіл нормасында айтылған жырлар кейін ноғай, қазақ, қарақалпақ боп бірте-бірте жіктелген халықтың тіл жігі ыңғайымен бірге өзгере келіп, бұл күнде осы халықтардың «төл» туындысына айналып отыр». Жоғарыдағы қарақалпақ тілін зерттеушілерге берген ұсынысы секілді ноғай тілін зерттеушілердің еңбектеріне талдау жайсай келіп, алдағы уақытта жасалуы, зерттелуі тиіс басым бағыттарды да айқындап береді. «Зерттеу барысында ноғай тілінің лексикологиясында атқарылу қажет жұмыстың бірі – академиялық деңгейдегі түсіндірме сөздігін әзірлеу екеніне көз жеткіздік. Түрік ғалымдары тарапынан жарияланған 2024 жылғы сөздіктен бөлек ноғай тілінде жазылған ноғай әдеби тілін сипаттайтын төл түсіндірме сөздік жасау сөздік құрамын жүйелеуге, тілді оқыту мен дамытуға айтарлықтай септігін тигізер еді. Екіншіден аударма жасауға қолайлы электронды базалық кешенін дайындау керек. Бұл ноғай тілін ғалымдар тарапынан ғылыми тұрғыда зерттеуде, жүйелеуде, қолданыс аясын кеңейтуге зор үлес қосатыны сөзсіз» (52-б), т.т. Диссертацияда автор тарапынан ұсынылған мұндай оң ұсыныстар жеткілікті.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың барлығы дерлік толығымен жаңа деуге болады. Қыпшақ тілдеріндегі семасиологиялық зерттеулердің жүйеленуі туралы тұжырымның жаңалығы – қыпшақ тілдерінің (қазақ, қарақалпақ, ноғай) семасиологиясына қатысты зерттеулер алғаш рет кешенді түрде жүйеленіп, салыстырмалы ғылыми база қалыптастырылуымен байланысты. Бұған дейін қыпшақ тілдеріндегі семантика мәселелері көбіне жеке тіл шеңберінде қарастырылып келген. Зерттеуде қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі семасиологиялық еңбектер бір жүйеге түсіріліп, ортақ ғылыми тұжырымдар айқындалған. Сонымен қатар семантизациялану ұғымы нақтыланып, оның құрылымдық бағыттары мен сөз мағынасының даму механизмдері сипатталған. Сондай-ақ зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы: қыпшақ тілдеріндегі семантикалық жүйені салыстырмалы-тарихи және семалық талдау арқылы кешенді қарастыруымен; ортақ түбір сөздердің семантизациялану процесін нақты тілдік материал негізінде дәлелдеуімен; семасиологияны когнитивтік бағытпен байланыстыру туралы жаңа ғылыми көзқарас ұсынуымен сипатталады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары жаңа. Қыпшақ тілдеріндегі ортақ көне түбірлердің семантикалық дамуын арнайы салыстырмалы зерттеу нәтижесінде жасалған қорытындылар, оның а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш сияқты ортақ түбір сөздер арнайы іріктеліп, үш тіл материалында салыстырмалы түрде қарастырылуы, әр сөздің мағынасы тек сөздік деңгейінде емес, семантизациялану процесі тұрғысынан талдануы, Сема түрлеріне жіктеліп, семантикалық сәйкестігі мен мағыналық айырмашылықтары айқындалды. Ортақ сөздердің қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі семантикалық дамуы барысында қалыптасқан мағыналас жаңа тілдік бірліктер анықталды. Бұл мағыналас жаңа тілдік бірліктер тілдегі ішкі және сыртқы факторлар әсерінен дамығандығы және көпмағыналылықтың феномен ретінде қарастырылуы туралы қорытындылары жаңа болып саналады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Бұл зерттеу жұмысы тіл білімінің семасиология және салыстырмалы лексикология саласына арналғандықтан, зерттеу барысында техникалық, технологиялық немесе экономикалық сипаттағы нақты шешімдер ұсынылады деп айту қаншалықты дұрыс? Себебі гуманитарлық бағыттағы зерттеулердің негізгі нәтижелері ғылыми-теориялық және әдіснамалық сипатта болып табылады. Сонымен бірге зерттеу барысында ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен әдістемелік тәсілдер қыпшақ тілдеріндегі ортақ сөздердің семантикалық дамуын анықтауға бағытталған жаңа ғылыми шешімдер ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбір сөздердің семантизациялану үрдісі синхрондық және диахрондық тұрғыдан кешенді түрде талданып, олардың мағыналық құрылымы компоненттік және семантикалық талдау негізінде жүйеленді. Бұл тәсілдер қыпшақ тілдерінің лексикалық жүйесіндегі мағыналық өзгерістердің заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері «Түркі тілдерінің грамматикасы», «Салыстырмалы тіл білімі», «Түркі тілдеріндегі семантика», «Қыпшақтану», «Қазіргі қазақ тіліндегі семантика» секілді т.б. тіл білімінің салалары үшін, жоғары оқу орындарында аталған пәндерге және лексикология, семасиология бойынша дәріс, семинар сабақтарында қолдануға болады. Диссертацияның негізгі ережелерін қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің лексикологиясы мен семантикасы бойынша теориялық курста, түркі тілдерінің семантикалық жүйесін зерттеуде пайдалана алады. Зерттеу материалдарын түркі лексикасының тарихи-семантикалық сөздігін жасауда, оқулықтар мен оқу құралдарын құрастыруда қолдануға болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			Осылайша зерттеу нәтижелері ғылыми тұрғыдан негізделген және тіл білімінің теориялық әрі қолданбалы бағыттарының дамуына белгілі бір деңгейде үлес қосатын ғылыми шешімдер ретінде бағалауға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан жеткілікті деңгейде негізделген және тілдік деректер мен ғылыми-теориялық тұжырымдарға сүйене отырып жасалған. Диссертацияда ұсынылған негізгі нәтижелер қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің лексикалық жүйесіне қатысты нақты тілдік материалдарды талдау арқылы дәлелденеді. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің түсіндірме, этимологиялық және фразеологиялық сөздіктеріндегі деректерді, сондай-ақ түркі тілдерінің тарихи лексикасына қатысты іргелі ғылыми еңбектердегі теориялық тұжырымдарды кеңінен пайдалану арқылы қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, Әбдуәли Қайдар және Болат Сағындықұлы еңбектеріндегі ғылыми концепциялар зерттеудің теориялық негізі ретінде қолданылды. Сонымен қатар Қазақ әдеби тілінің сөздігі, Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігі, Ногайский-русский словарь және Nogay Türkçesi sözlüğü сияқты лексикографиялық дереккөздер зерттеудің эмпирикалық базасын құрады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия;	Дисссертант ұсынған әрбір ереже дәлелденген. Бірінші ереже жартылай жаңа. Бұл ереже лингвистикалық зерттеулерде бұрыннан болғанымен, аталған зерттеуде нысанға алынған тілдер негізінде нақты тілдік деректермен дәйектелген. Түркі тілдері жүйесінің қыпшақ-ноғай бұтағына жататын қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері – қалыптасқан, жүйелі, біртектестігін сақтаған, тілдік қабілетін жоғалтпай сақтап келе жатқан тілдер. Бұл тілдердің лексикалық жүйесіндегі ортақтық пен ерекшеліктер нақты тілдік деректер арқылы салыстырылып, олардың бір негізден тарағандығы және ортақ тілдік белгілерін сақтағандығы ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Екінші ереже жаңа . Қыпшақ тілдеріне ортақ бір негізді а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш сияқты түбір сөздер арнайы іріктеліп, олардың семантикалық дамуы үш тілдің материалдары негізінде талданған. Зерттеу барысында бұл сөздердің мағыналық құрылымы семантикалық және компоненттік талдау әдістері арқылы сараланып, олардың семантизациялану үдерісі нәтижесінде жаңа мағыналық бірліктер қалыптастырғаны нақты мысалдармен дәлелденген.

		2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Үшінші ереже жаңа. Семантизациялану құбылысы сөз мағынасының дамуындағы негізгі тілдік үрдістердің бірі ретінде қарастырылып, оның жүзеге асу жолдары мәтіндік және сөздік материалдар негізінде талданған. Зерттеу барысында сөз мағынасының даму кезеңдері, оның ішкі прагматикалық қолданыстан бастап көпмағыналылыққа дейінгі эволюциялық сипаты ғылыми тұрғыдан сипатталған. Төртінші ереже жаңа. Қыпшақ тілдеріндегі семантизациялануды жүзеге асуында көпмағыналылықтың маңызды рөл атқаратыны анықталған. Зерттеу нәтижелері көпмағыналылықтың жаңа мағыналардың қалыптасуына ықпал ететін күрделі семантикалық категория екенін көрсетеді. Бұл тұжырым әр тілдегі сөздердің мағыналық тармақталуын салыстыру арқылы дәлелденіп, олардың семантикалық дамуының заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Бесінші ереже жаңа. Зерттеуде семасиология саласын танымдық лингвистикамен байланыстыра қарастыру қажеттігі негізделеді. Сөз мағынасының табиғатын танымдық тұрғыдан түсіндіру мақсатында концептілік талдау мүмкіндіктері қарастырылып, семасиологияның зерттеу аясын кеңейтуге бағытталған ғылыми тұжырымдар ұсынылған. Бұл бағыт тіл біліміндегі қазіргі ғылыми парадигмалармен сабақтасып, семантикалық зерттеулердің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді. Ұсынылған ережелер тривиалды емес. Қолданылу деңгейі кең. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері бойынша 18 мақала жарық көрген.. Оның ішінде Scopus деректер базасына енетін халықаралық рецензиялайтын басылымда – 1 (бір) мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда – 6 (алты) мақала, халықаралық конференцияда – 2 (екі) ғылыми видео-баяндама, халықаралық конференция жинақтарында – 9 мақала жарияланды.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Әдіснаманы таңдау – негізделген. Зерттеудің әдіснамалық негізін қыпшақ тілдерінің тарихи дамуын, түбір сөздердің құрылымын және лексикалық жүйенің эволюциясын қарастырған нысанға алынған үш тілді зерттеуші белгілі ғалымдардың ғылыми еңбектері құрайды. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі тіл біліміндегі

	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	семасиология, тарихи лексикология және салыстырмалы тіл білімінің теориялық қағидаларына сүйенеді. Қыпшақ тілдеріндегі ортақ сөздердің мағыналық дамуын анықтау мақсатында зерттеуде синхронды және диахронды сипаттау әдістері қолданылған. Зерттеу барысында семантикалық және компоненттік талдау әдістері маңызды орын алады. Бұл әдістер арқылы қарастырылған сөздердің мағыналық құрылымы сараланып, олардың құрамындағы семалар анықталған. Компоненттік талдау сөз мағынасының ішкі құрылымын айқындауға, мағыналардың өзара байланысы мен айырмашылықтарын көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар жүйелеу және салыстыру әдістері арқылы қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ сөздердің мағыналық сәйкестігі мен айырмашылықтары анықталып, олардың семантикалық дамуы салыстырмалы тұрғыдан талданған. Зерттеудің негізгі бағыты сапалық зерттеу әдістерінің бірі – контент-анализ әдісіне негізделеді. Бұл әдіс тілдік деректерді жүйелі түрде іріктеп, олардың мазмұндық және мағыналық ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік береді. Контент-анализ тәсілі арқылы әр тілдегі сөздердің қолданылу үлгілері, мағыналық өзгерістері мен семантизациялану үрдісі нақты тілдік материалдар негізінде қарастырылған.
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Жоқ. Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар гуманитарлық зерттеулерге сай әдістерді қолдану негізінде дәлелденген, бірақ эксперименттік зерттеулер жүргізілмеген.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, 157 әдебиет арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысының теориялық маңызы қыпшақ-ноғай бұтағына жататын қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ сөздердің семантизациялану үдерісін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдау арқылы семасиология мен тарихи лексикология салаларының ғылыми базасын толықтыруымен айқындалады. Зерттеу барысында аталған тілдердегі семантикалық дамудың негізгі заңдылықтары жүйеленіп, ортақ түбір сөздердің мағынасының кеңеюі
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			мен өзгеруі интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар ықпалымен түсіндірілді. Сонымен қатар ортақ сөздердің фразеологиялық қорда, тұрақты тіркестер мен көркем мәтіндерде қолданылуы арқылы олардың этностың дүниетанымымен байланысы көрсетілді. Ұсынылған ғылыми тұжырымдар семантика туралы дәстүрлі көзқарастарды кеңейтіп, қыпшақ тілдерінің лексикалық жүйесін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы нәтижелер түркі тілдерінің лексикологиясы мен семасиологиясы салаларында, әсіресе қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің салыстырмалы зерттеулерінде қолдануға негіз болады және салыстырмалы-тарихи тіл білімі, тарихи лексикология мен семасиология бағыттарының әрі қарай дамуына ғылыми үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы жоғары деп бағалауға болады. Зерттеу нәтижелері түркі тілдерінің лексикологиясы мен семасиологиясы салаларында, әсіресе қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің семантикалық жүйесін зерттеуде қолдануға мүмкіндік береді. Жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен тілдік деректерді жоғары оқу орындарында оқытылатын «Түркі тілдерінің грамматикасы», «Салыстырмалы тіл білімі», «Түркі тілдеріндегі семантика», «Қыпшақтану», «Қазіргі қазақ тіліндегі семантика» сияқты пәндер бойынша дәріс және семинар сабақтарында пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеу материалдары түркі тілдерінің тарихи-семантикалық сөздіктерін әзірлеуде, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауда, сондай-ақ түркі тілдерінің лексикалық және семантикалық жүйесін әрі қарай ғылыми тұрғыдан зерттеуде маңызды дереккөз бола алады. Осы тұрғыдан алғанда диссертация нәтижелерін практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық зерттеу жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Зерттеу мәтінінде ғылыми стиль талаптары толық сақталып, ойлар

		1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	жүйелі, нақты және логикалық бірізділікпен баяндалған. Автор зерттеу нысанына қатысты теориялық тұжырымдарды ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып дәлелді түрде ұсынады, ал тілдік деректерді талдау барысында ғылыми терминология орынды әрі сауатты қолданылған. Жұмыстың құрылымы айқын, әр бөлім мен тарау бір-бірімен мазмұндық тұрғыдан сабақтасып, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін дәйекті түрде ашып көрсетуге бағытталған. Зерттеу нәтижелері ғылыми тұрғыдан негізделіп, тілдік материалдармен және мысалдармен дәлелденген. Сонымен қатар мәтінде салыстырмалы талдау, ғылыми пайымдау және қорытынды жасау мәдениеті жақсы сақталған. Жалпы алғанда, диссертацияда академиялық жазу нормалары мен ғылыми баяндау талаптары толық сақталып, зерттеу жұмысы жоғары ғылыми мәдениетпен жазылған деп бағалауға болады.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Зерттеу жұмысында қыпшақ тілдеріндегі ортақ сөздердің семантизациялану үдерісі кеңінен қарастырылғанымен, кейбір тұстарда талданған тілдік бірліктердің санын көбейту немесе басқа қыпшақ тілдерімен қысқаша салыстыру жасалса, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігін одан әрі арттыра түсер еді. 2. Жұмыста семантизациялану құбылысы жан-жақты сипатталғанымен, семасиология саласындағы қазіргі заманғы когнитивтік немесе антропоцентристік бағыттағы зерттеулермен байланысын кеңірек көрсету зерттеудің теориялық маңызын күшейте түсуі мүмкін. 3. Диссертация мәтінінде жекелеген техникалық немесе редакциялық сипаттағы ұсақ қателіктер кездеседі. Бірақ бұл айтылғандар жұмыстың жалпы ғылыми деңгейіне әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында		Диссертанттың жариялаған ғылыми еңбектері зерттеу тақырыбымен толық сәйкес келеді және қыпшақ тілдері лексикологиясы мен семасиологиясы саласындағы өзекті мәселелерді қамтиды. Автордың мақалаларында қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбір сөздердің семантикалық дамуы, семантизация үдерісі, көпмағыналылық және лексикалық байланыстар мәселелері жүйелі түрде қарастырылған. Зерттеу нәтижелері халықаралық деңгейдегі рецензияланатын журналда жарияланып, сонымен қатар Қазақстан Республикасы БҒМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда бірнеше мақала

	қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		ретінде жарық көрген. Бұл жарияланымдар зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелерінің академиялық ортада талқыланып, ғылыми қауымдастық тарапынан бағаланғанын көрсетеді. Сонымен бірге диссертанттың зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен ғылыми конгрестерде баяндалып, олардың материалдарында жарияланған. Бұл зерттеу тақырыбының ғылыми ортада өзектілігін және автордың ғылыми нәтижелерінің апробациядан өткендігін дәлелдейді. Жалпы алғанда, диссертанттың жарияланған еңбектері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді, ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды нәтижелерді қамтиды және олардың деңгейі диссертациялық зерттеудің талаптарына сәйкес деп бағалауға болады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Асенова Айгул Халдарқызының «Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын философия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін беруге лайықты жұмыс деп бағалаймын.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.д. **Т.Н. Ермекова**

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба